

Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округінің Тоғанас ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 14 ақпандағы № 6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 ақпанда № 6035 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сырым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы қыркүйектегі №1-19/788 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округінің Тоғанас ауылы аумағында ірі кара малының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 3 "Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округі Тоғанас ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5686 тіркелген, 2019 жылы 5 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Шолақаңқаты ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (А.Кажмуратов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е. Журавлев